

ОТАН САҚШИСЫ

@shekaraknbkz

@smi_pogran@mail.ru



Gazet 1943 жылдың шілдесінен шығады
№ 17 (6050) 29 сәуір 2023 жыл

Часовой Родины

QR UQK SHEKARA QYZMETINIŇ APTALYQ GAZETI

**Құрметті шекарашылар,
ардақты ардагерлер!**



Сіздерді ҰҚК Шекара қызметі басшылығының және өз атымнан 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміз жыл сайын тойлайтын бұл мейрам – ұлттық болмысымызды айқындайтын асыл қасиеттеріміз – достығымыз бен патриоттық рухымызды ұлықтайды. Себебі, ел бірлігі – біздің ең қасиетті қазынамыз – Тәуелсіздігіміздің тірегі.

Соның айқын дәлелі, бүгінде Отанымыздың шекарасын күзету ісіне тағдырын бір арнаға тоғыстырған түрлі ұлт өкілдері өлшеусіз үлес қосып келеді. Мақсатымыз айқын, ұлт пен ұлыс береке-бірлікте ғұмыр кешіп жатқан еліміздің шекарасын жаһандық сын-қатерден қорғау.

Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға бірлік пен шаттық тілеймін. Аспанымыз ашық, шекарамыз бекем болсын! Мерекеміз құтты болсын!

Құрметпен,

ҚР ҰҚК Төрағасының
орынбасары –
Шекара қызметінің
директоры
генерал-майор
Е.АЛДАЖҰМАНОВ





Қазақстан халқы бірлігі күні - еліміздегі барлық ұлттардың ынтымағы мен бірлігін, достастық қарым-қатынасты нығайтатын айтулы мереке

Татулық пен бірлік күні

1 мамыр – отандастарымыз үшін ерекше мерекелерінің бірі - Қазақстан халқының бірлігі күні. Қазақстан Республикасының әлемде татулығы мен бірлігі жарасқан ел екендігін танытатын мейрам. Табиғи байлыққа өте бай, әдемі де керемет, әсем де сұлу елдердің қатарына жататын халқымыз да жомарт. Қандай ұлттың өкілі болса да құрметтеп, сыйлауға дайын. Өскелең ұрпақтың да осы татулық пен бірлікті одан әрі жалғастыратынына сенімдіміз. Себебі бейбітшілік, тыныштық пен татулық біздің Отанымыздың кейінгіге қалдырар мұрасы.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Қазақстан ондаған жылдар бойы көптеген ұлттар мен ұлыстардың Отаны болып келеді. Бүгінде түрлі ұлт өкілдері Қазақстанды өз жерім деп біліп, қазақ халқын туғанындай көреді. Осыған орай, қазақстандықтардың басын біріктіретін бірден-бір мереке – 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі күні деп атап өтіледі. Бүгінгі материалда аталған мерекеге байланысты қызықты деректерді назарларыңызға ұсынбақпыз.

Қазақстан халқы бірлігі күні Қазақстанда қалай атап өтеді. Бұл мереке 1995 жылдың 18 қазанында белгіленіп, мейрам 1996 жылдан бастап кеңінен тойланып келеді. «Мерекелер туралы» ҚР Заңында ол мемлекеттік мәртебеге ие, сол себепті бұл күн елде ресми түрде демалыс күні деп бекітілген. Жалпы елімізде бұл мерекенің пайда болуына ел халқының ұлттық құрамының ерекшеліктері мен өзгерістері бірден-бір себеп болды. XX ғасырға дейін республика көлемінде титулды ұлт - қазақтар басым болса, соңғы он жылдықтарда ел аумағына түрлі себептермен өзге ұлт өкілдері келіп қоныстанып, тұрақтап қалды.

Төменде басқа ұлттардың Қазақстанға көшуінің басты себептерін ұсынбақпыз: XX ғасырдың басында қазақ жеріне Орталық Ресей губерниялары шаруаларының қоныс аударуы. Содан бастап жылдар бойы Қазақстан аумағына өзге мемлекеттерден миллиондаған азаматтар қоныс аударды: поляктар, украиндықтар, литвалықтар, Поволжье немістері, Кавказ халықтары және т.б. ұлт өкілдері. 1950 жылдары бүкіл КСРО-дан қоныс аударушылардың тағы бір толқыны тың игеру үшін қазақ еліне табан тіреді. Нәтижесінде Қазақстандағы қазақтардың саны біршама азайды. Жағдай тек КСРО ыдырағаннан кейін ғана өзгерді. Одақтас республикалардың бөлінуі және өздерін егемен ел деп жариялауы нәтижесінде, елден көптеген еуропа ұлттары үдере көше бастады. Десе де жылдар өте келе елде бала туу көрсеткіші артып, жергілікті тұрғындар саны

өсті. Бүгінгі таңда қазақ халқы ҚР-дағы негізгі этникалық топты құрап отыр.

КСРО ыдыраған жылдардан кейін де Қазақстаннан көшіп кеткен ұлт пен ұлыстар саны көп болса да, олардың кейбірі Қазақстанды өз Отаны деп қабылдап, күні бүгінге дейін елде тұрақтап қалды. Міне осы ұлт пен ұлыстардың бірлігі мен олардың мызғымас ынтымағын айғақтайтын бірден-бір мереке – Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып отыр. Елімізде бұл мереке – патриотизм мен адалдық мейрамы ретінде қабылданады. Елімізде тұратын басқа этностардың барлық топтары өздерінің ұлттық дәстүрлерін, мәдениетін, өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік алды, бұл әрбір халықтың дамуы үшін негіз қалаушы болды. Қоныс аударушылардың өздері үшін үйге айналған Қазақстанға деген алғысы жаңа Отанға деген адалдық пен махаббатқа әкелді. Қазақстан халқының бірлігі күні бұл қарым-қатынасты білдіреді, барлық этностардың одан әрі бірігуіне, достық пен келісімде бірге өмір сүруіне қызмет етеді. Ұлттық мәселені дұрыс шешу ауыр ұлтаралық қатығыстарды болдырмауға көмектесті, елімізде сындарлы этносаралық қатынастар қалыптасты. Республика аумағында тұратын барлық өзге ұлттар өз салт-дәстүрлері мен мәдениетін, тұрмыс-салтын сақтап қалуға мүмкіндік алды. Сол себепті еліміздегі көптеген басқа ұлттар мен ұлыстар қазақ халқына тек алғысын айтады. Қазақстан халқы бірлігі күні – еліміздегі барлық ұлттардың ынтымағы мен бірлігін, достастық қарым-қатынасты нығайтатын айтулы мереке болып қала бермек. Бұл ретте ұлтаралық татулықты сақтаудағы ел саясатының рөлі де басым болды. Оған дәлел, бүгінгі күнге дейін Қазақстанда ұлтаралық қатығыстардың болмауы, керісінше олардың арасындағы конструктивті этникааралық қарым-қатынастың дамуы болып отыр. Мерекенің ерекшеліктері және оны атап өтуге қатысты салт-дәстүрлер Кеңес заманында 1 мамыр жұмысшылардың өз құқықтары үшін күресін дәріптеу мақсатында, жұмысшылардың халықаралық ынтымақтас-тық күні ретінде аталып өтті және бұл күні барлық

жұмысшыларға құрмет көрсетілді. 1 мамыр неліктен Бірлік күні деп аталады? Тәуелсіз Қазақстанда еңбекшілердің ынтымақтастығы мерекесі жаңа сипатқа ие болды. Ол елдің тарихи ерекшелігін - оның көпұлтты құрамын көрсететін, бейбіт елде ұлттар мен ұлыстар татулық пен бірлікте өмір сүре әрі дами алатындығын насихаттайтын айтулы күнге айнала білді. 1995 жылы ҚР Президенті басшылық ететін, әлемнің басқа бірде-бір елінде кездеспейтін, Қазақстан халқы Ассамблеясы сынды теңдессіз ұйым құрылды. Ол жалпықазақстандық бірлік моделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және ұлттық мәселеде мемлекеттік саясатты іске асыра отырып, қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастар саласындағы барлық құрылымдардың жұмысын, оның ішінде еліміздің барлық өңірлеріндегі көптеген этномәдени бірлестіктерді дамыту жұмысын үйлестіреді. Мұндай мәдени орталықтар еліміздің барлық қалалары мен елді мекендеріндегі Қазақстан халқының бірлігі күніне орай өтетін салтанатты іс-шаралардың басты ұйымдастырушылары болып табылады.

ҚАЗАҚСТАНДА 1 МАМЫРДЫ ҚАЛАЙ АТАП ӨТЕДІ?

Мерекеге дайындық алдын-ала басталады – әр қала немесе ауыл тұрғындары тұрғылықты жерін ретке келтіріп, жолдар мен тротуарларды, саябақтар мен аулаларды қыстан кейін тазалайды, ағаштар мен жол жиектерін ағартады, көшелерге мерекелік көрініс береді. Сондай-ақ мерекеге қатысты елде қалыптасқан ерекше дәстүрлер де бар: 1 мамыр күні ертемен ҚР Президенті аталған жалпыхалықтық мерекемен барлық ел тұрғындарын құттықтайды. Салтанатты шара еліміздің түкпір-түкпірінен келген талантты жұлдыздар мен шығармашылық ұжымдар қатысатын мерекелік концертпен жалғасады. Бұл күні елдің түкпір-түкпірінде түрлі мерекелік іс-шаралар, жәрменкелер өтеді, балаларға арналған ойын алаңдары жұмыс істеп, байқаулар мен шерулер ұйымдастырылады. Түрлі этностардың мәдени орталықтары көрмелер, байқаулар, фестивальдар өткізеді, өздерінің ұлттық шағын музейлерін ашады. Бұл қазақстандықтарға өзге ұлттардың мәдениеті, өдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерімен таныстыруға мүмкіндік береді. 1 мамырда не істеуге болады? Еліміздің кез келген тұрғыны концерттер мен конкурстарға, спорттық жарыстарға, жеңіл атлетика марафондарына қатыса алады. Жастар үшін би кештері ұйымдастырылады. Жалпы ел тұрғындары үшін Халықтар бірлігі күнінің берері мол. Бұл күн тұтас қазақ елі мен ондағы этностардың бірлігін айғақтайтын күн. Ендеше айтулы мейрамды жақындарыңызбен бірге көңілді әрі мағыналы өткізеді деген сенімдеміз.

Ақпаратты интернет желісінен жинақтаған
майор М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧП».



Ádiletті Qazaqstan – jańa múmkındikter – kásibi shekarashy! Справедливый Казахстан – новые возможности – профессиональный пограничник!

Облыс әкімі шекараға іссапармен келді

Өткен аптада Түркістан облысының әкімі Д.Сатыбалды Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының аумағына қызметтік іссапармен келді. Облыс әкімі және ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің бастығы полковник М. Жұмаділовтың қатысуымен өткен мәжілісте өңір басшысы шекаралық бөлімшелердің инфрақұрылымын жақсарту жөнінде мәселені қозғады.



– Түркістан облысында шекара қорғанысын күшейту және мемлекеттік шекараны қорғау бойынша жұмыстар атқарылууда. Шекара қызметі бөлімшелерінің инфрақұрылымдық мәселелерін шешу жөніндегі Жол картасы 2020 жылы қыркүйекте бекітілген. Нақтылауды тапсырамын. Бүгінгі үйлестіру кеңесі отырысының қорытындысымен шекара қызметі бөлімшелерінің инфрақұрылымдық мәселелерін шешу жөніндегі Жол картасы мұқият зерделеніп, жаңа редакцияда бекітілуі тиіс. Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментінің 25



Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы мемлекеттік шекарасының 900-ге жуық шақырымы Түркістан облысының аумағы арқылы өтеді. Осы аумақтағы Шекара бөлімшелері нысандарының инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі Жол картасын іске асыру бойынша жұмыстар жанданады. Бұл түйткіл Түркістан облысының шекара мәселелері жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесінің мәжілісінде кеңінен талқыланды. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен мәжілісте өңір басшысы шекаралық бөлімшелердің инфрақұрылымын жақсарту аса маңызды міндет екенін айтты.



шекара бөлімшесінің инфрақұрылымы, газ жүйелері құрылысына 2023 жылы облыстық және республикалық бюджеттерден қаржы бөлінген нысандар құрылысының сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуді тапсырамын. Мақтааралдағы 3, Жетісайдағы 2 нысанның құрылысы сапалы атқарылуы керек. Келес өзенінің жағалауындағы су бұзып өткен аумақтарды қалпына келтіру, өзен арналарын реттеу, өзен жағалауларын бекіту және нығайту жұмыстарын жүргізуге жұмыстар жедел зерделенгені жөн, – деді Д.Сатыбалды.

Жиында Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің бастығы полковник М. Жұмаділов Түркістан облысының шекара мәселелері жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту жөнінде ой қозғады. Оның айтуынша, Жол картасының іс-шараларын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың

балансына Мақтаарал, Сарыағаш және Төлеби аудандары бойынша шекара басқармаларының 25 нысаны беріліп, 42 іс-шара бекітілген. Осы арқылы 16 нысанды газдандыру, 6 нысанды электрмен, 20 нысанды сумен қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі таңда 5 іс-шара орындалған. 18 мәселе бойынша жұмыс жүруде.

Голодностеп коллекторының және Келес өзенінің жағалауын нығайту жұмыстарын жүргізу мәселесі де көтерілді. Келес шекаралық өзенінің жағалауын бекіту бойынша және Голодностеп коллекторының 60 шақырым учаскесіне және оған құятын 36 каналға тазалау жұмыстарын жүргізу қажет екені айтылды. Аталған мәселенің барлығы хаттамаға енгізілді. Шекаралық бөлімшелерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша Жол картасының орындалуын іске асыру жұмыстары қатаң бақылауға алынды. Шекаралық бөлімшелердің инфрақұрылымын жетілдіру мәселесін түпкілікті шешу үшін Үкіметке ұсыныстар енгізілетін болды.

Түркістан облысының әкімі Д. Сатыбалды үйлестіру кеңесінің отырысында көтерілген мәселелермен тікелей танысу мақсатында «Қайрат» шекара бөлімшесінде болып, жеке құраммен кездесті. Мемлекеттік шекараны күзету ісіндегі озық технологиялардың жай-күйімен танысты. Мерзімді қызметтің сарбаздарымен түскі ас ішіп, еркін пікір алмасты.

Капитан Р. НҰРМЕТ, «OS-ЧР»,
Сурет Түркістан облысы әкімдігінің баспасөз қызметінен.

КАСПИЙСКИЙ РУБЕЖ

Подведены итоги I-го этапа СОПМ-2023

В Департаментах Пограничной службы КНБ по Мангистауской и Атырауской областям подведены итоги первого этапа совместных оперативно-профилактических мероприятий по поддержанию благоприятного режима плавания, пресечению браконьерской деятельности и охране морских биологических ресурсов.

В течении месяца подразделения департаментов во взаимодействии с пограничным ведомством Российской Федерации и казахстанскими госорганами активно пресекали незаконную браконьерскую деятельность в акватории Каспийского моря. Основные усилия в период совместных действий были направлены на поиск и задержание браконьеров, изъятие орудий браконьерского лова, соблюдение правил промысла морепродуктов, проверку судов и режима судоходства.

– В ходе комплекса организационных и практических



мероприятий, было задержано 7 нарушителей пограничного режима, 4 нарушителя режима государственной границы, 10 нарушителей правил ры-

боловства и 32 нарушителя режима территориальных и внутренних вод на 20-ти плавательных средствах. Выбрано орудий браконьерского лова: более 89 тыс. метров сетей, 6600 метров крючковых снастей (коллада), 3400 крючьев и 88 шт. других орудий лова. В естественную среду обитания выпущено 280 рыб осетровых пород, 11700 рыб частиковых пород и 7 тюленей. Предотвращенный

ущерб государству составил более 578 млн. тенге, нанесенный ущерб свыше 48 млн. тенге. Наложено административных штрафов на сумму более 1,5 млн. тенге, – прокомментировал первый заместитель начальника Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области – начальник штаба капитан 1-го ранга Данияр Мальчубаев.

Офицер также отметил, что важную роль в борьбе с браконьерской деятельностью сыграли казахстанские природоохранные структуры и правоохранительные органы Мангистауской и

Атырауской областей, которые эффективно сотрудничали с пограничным ведомством. Благодаря проведенным совместным рейдам и обмену информацией удалось значительно сократить количество незаконного лова рыбы в акватории Каспийского моря.

В целом за период первого этапа совместных оперативно-профилактических мероприятий было проведено 25 совместных рейдов и более 80 обменов информацией с уполномоченными органами, а также организовано 15 сходов с местными жителями по разъяснению природоохранительного законодательства и важности сохранения морских биоресурсов.

Старший лейтенант
А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото капитана 1-го ранга
Т. ТУРЕБАЕВА.

НАЗАРДА «НАЙЗА - АНТИТЕРРОР-2023»

Ағымдағы жылдың 27 сәуірі күні Шымкент қаласының маңындағы Ақтас далалық оқу-жаттығу орталығында республикалық «Найза - Антитеррор-2023» жедел тактикалық жаттығу жұмыстары өткізілді. Аталмыш жаттығу жұмыстары күштік құрылымдардың жауынгерлік әзірлігін шыңдау мен түрлі террористік қақтығыстардың алдын алуға бағытталған.



шекараға бағыт алған терроршылардың жолына тосқауыл қойды.

ҰҚК арнайы мақсаттағы «А» қызметі мен Ішкі істер министрлігінің арнайы мақсаттағы «Сұңқар» бөлімшелерінің жеке құрамы мәтін бойынша әкімшілік ғимараттағы кепілге алынған азаматтық тұлғаларды босатуға атсалысты.

Жалпы осы оқу-жаттығу

жиыны барысында республикалық және жергілікті жердегі арнайы жасақтың жауынгерлік әзірлігі жоғары деңгейге көтерілді. Шымкент қалалық терроризмге қарсы жедел штаб өкілдерінің жұмыс тәжірибелері осы оқу-жаттығу жиындарында жақсы деңгейде көрінді.

Сонымен қатар осы «Найза – Антитеррор-2023» жедел тактикалық жаттығу жұмыстары барысында еліміздің барлық өңірінен келген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен семинар өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты террористік жағдайлар туындаған кезде бұқаралық ақпарат өкілдерінің «сенімді» ақпарат жеткізуіне жағдай жасау болды.

Оқу-жаттығу жұмыстарының соңында іс-шараға келген қонақтарға Күштік құрылымдардың техника және қару-жарақтарының көрмесі ұйымдастырылды.

Оқу-жаттығу жұмыстары аяқталысымен Республикалық терроризммен күрес жедел штабының жиналысы өткізіліп, іс-шараға «жақсы» деген баға берілді. Еліміздегі Күштік құрылымдардың бірлесе қимылдауы қандай да болсын қауіптің бетін қайтара алатындықтары осы оқу-жаттығу жұмыстары кезінде білінді десек артық айтпаған болар едік.

Капитан Р. НҰРМЕТ.
Суреттер ҰҚК баспасөз қызметі өкілдерімен бірлесе жасалды.



Оқу-жаттығу жұмыстарына ҰҚК, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдай министрлігі, Мемлекеттік күзет қызметі, Ұлттық ұлан мен ҰҚК Шекара қызметінің жеке құрамы қатысты.

Оқу-жаттығу жұмыстары түрлі елдердің аумағында болып жатқан террористік жағдайлардың жиілеуі негізінен өткізіліп отыр. Оқу-жаттығудың негізгі түйіні де оқыс жағдайлар туындаған кезде Күштік құрылымдардың бірлесе әрекет етуін үндейді.

Шараға еліміздің арнайы мақсаттағы күштері және ҰҚК Шекара қызметінің авиациялық бөлімшелері жердегі жеке құрамға әуеден қолдау білдірді.

Ұлттық ұланның «Бүркіт» арнайы жасағы оқу-жаттығу мәтіні бойынша жергілікті жердің тұрғындарына шабуыл жасаған террористік ұжымды қарусыздандыруға күш салды.

Еліміздің арнайы мақсаттағы күштері, ҰҚК Шекара қызметі мен Қорғаныс министрлігінің жеке құрамы бірлесе мемлекеттік



АМАНАТҚА АДАЛ БОЛУҒА АНТ БЕРДІ



Еліміздің қауіпсіздігін қорғау үшін әскер қатарына алынған әрбір жас азаматтың өміріндегі ең маңызды сәт – Отанына адал қызмет етуге ант беру.

Сөйтіп, әскер қатарына шақырылушылар да ант қабылдауға кірісіп кетті. Бұл кезде біз де өзіміздің «қаруымызды» іске қосып, «Мен, қатардағы жауынгер...» деп басталатын мәтіндерді оқуға кіріскен әрбір сарбазды сыртылдатып, суретке түсіруге кірісіп кеттік. Әрине, бүгінгі шара ҰҚК-нің әлеуметтік желідегі ресми сайты арқылы

Отанды қорғауға, халқымыздың бейбіт тыныштығын қамтамасыз ету үшін шекара шебінде кірпік қақпау! Біз де осы жолдардан өтіп, ел алдындағы азаматтық парызымызды орындадық. Ендігі үміт – жастарда!» деген отставкадағы подполковник Ерлан Сәкібаев жас сарбаздарға сенім білдірді.

– Бөлімше, Түзел! Тік тұр!

шебіндегі күре тамыры іспетті басқарма басшысының құттықтауына жеке құрам «Ура! Ура! Ура!» деп үш қайтара жауап қайтарған соң, ҰҚК Шекара академиясы әскери оркестрінің сүйемелдеуімен мемлекеттік Әнұран орындалды.

Бұдан әрі дәстүрге сай, мінберге көтерілген қонақтар сарбаздарды бүгінгі ант қабыл-

23 сәуірінде Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Алматы қаласында орналасқан Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасында «Көктем-2023» шақырылымы сарбаздарының Ант қабылдау рәсімі өтті. Айтулы мерекеге олардың ата-ана, туған-туыстарымен бірге Шекара қызметінің аға буын ардагерлері қатысты.

Таңғы сағат 9.00-ге белгіленген рәсімге қатысқалы тұрған 150-ден астам жас шекарашының сымбатты жүздерінен толқыныс білінеді. Есесіне, өздерінің қимыл-қозғалыстарынан, бүгінгі шараға дайындықтың тастай екенін байқауға болады.

Аталған басқарма бастығы подполковник Бауыржан Керкембаевтың бұйрығымен, орталық саптық алаңды кесіп өткен Жауынгерлік Ту көтерушілер тобы өздерінің орындарына тұрған

соң берік қалыптасқан дәстүрге сай, жас сарбаздар асқақ үнмен еліміздің Әнұранын орындады.

Бұл – шекарашылар сапын толықтырушылар үшін маңызды сәттің келіп жеткенін білдіретін еді. Басқарма басшысы: «Техникалық-кәсіптік және дайындық бөлімінің бастығы! «Көктем-2023» шақырылымы Әскери ант қабылдау үшін саптан шық!» деген пәрмені естілгені сол-ақ екен, қалың жұртшылық асыға тосқан шараның негізгі бөлімі де басталып жүре берген...

Иә, жылына екі мәрте айналып соғып тұратын осынау сәтті енді санаулы минуттардан соң басқарманың толыққанды мүшесіне айналғалы тұрған сарбаздар ғана емес, ұландарының қуанышына ортақтасуды мақсат тұтқан жұртшылықтың жадында өшпестей болып сақталып қалары анық.



тікелей эфирге қосылғандықтан, ара-арасында шекарашы ардагерлермен, сарбаздардың ата-ана, бауырларынан сұхбат алуды да ұмытқан жоқпыз.

Обалы нешік, запастағы полковник Ә.Артықбаев, отставкадағы подполковник Е.Сәкібаевтардың айтары аз болған жоқ. «Әскери Ант – біреуге уәде, сөз беру дегенді білдірмейді. Бұл –

Назар – ортаға! Подполковник мырза! Кәсіптік-техникалы және дайындық бөлімінің жеке құрамы әскери ант қабылдауды аяқтады! Баяндаған подполковник Азнабакиев!

– Жеке құрамды ант қабылдап, басқарманың толыққанды мүшесіне айналуымен құттықтаймын!

ҰҚК Шекара қызметінің ел

дауларымен құттықтап, алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.

Жағымды жаналық, Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы мамыр айында өзінің 40 жылдық төл мерекесін тойлайды. Сондықтан, әсіресе «Көктем-2023» шақырылымының сарбаздарын алда айтулы шаралар күтіп тұр! Бүгінгі рәсім – соның бастауы!

АЙБЫН

Жас шекарашылар сап түзеді

Кала іргесіндегі Іле ауданының орталығын бетке алып шықтық. Бүгін мұнда «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері ант қабылдайды. «Отан – отбасынан басталады» демекші, жасынан «Отан» деген сөздің қадір-қасиетін түсініп өскен жас ұрпақтан күні ертең өз елінің нағыз патриоты шығары анық.



Негізі, біз бара жатқан №38-ші мектеп-гимназиясына осымен жолымыз екінші мәрте түсіп отыр. Өзіне алғашқы сапарымыз осыдан бірнеше жыл бұрын біздің әскери кадеттеріміз мектеп бітіріп, өмір жолына қанат қаққан кезде болып еді. Білім ошағын шекарашылардың жасыл формасында аяқтаған жас патриоттарымыздың қуанышына



ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының сол кездегі бас тәлімгері полковник А.Базарқұлов бастаған шекарашылар ортақтасқан болатын. Енді міне, сондағы шекарашы кадеттеріміздің орнын басып, 5 «Л» «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбына қабылданған оқушылар бүгін салтанатты түрде ант қабылдап, Қызметтік кинология басқармасы бастығының қолынан куәлік алады. Бүгін біздің жас ізбасарларымызбен бірге «Жас полиция» әскери-патриоттық сыныптарының кадеттері де ант қабылдайды екен. Сондықтан №7 орта мектебі және №38 мектеп-гимназиясының 5 «И», 6 «А», 7 «Б» «Жас полиция» әскери-патриоттық сыныптарының алаңдағы саптық өнерлерін тамашалап, тәнті болғанымызды несің жасырайық... Тіпті жетінші сынып кадеттерінің ішінен іріктелген ең мықтылар қаруды шашып-жинаудан шеберліктің нағыз үлгісін көрсете білді. Дегенмен, бұл туралы сәл кейінірек, ал қазір бүгінгі шараға арнайы шақырылған мәртебелі қонақтар: Алматы облыстық ІІД және ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының басшылары, Іле аудандық әкімдігінің өкілдері салтанатты сапқа тұрған кадеттермен амандасқан соң жиын да басталды.

...Қуанарлығы, осыдан талай жыл бұрын осы білім шаңырағының қабырғасында бірінші болып ашылған «Жас



шекарашылар» сыныбын біздің кинолог әріптестеріміз өздерінің қамқорлықтарына алған болатын. Сыныпқа Жауынгерлік Ту табыстап, кадеттер үшін ашық есік күндерін ұйымдастырды. Шекара қызметінің аясында өткен патриоттық шараларға қатысу үшін еліміздің батысы мен шығысына сапар шеккен сәттері де болды. Енді міне сондағы аға-әпкелерінің орнын басқан ізбасарларымызға да кезек келген...

Бір байқағанымыз, біздің жас ізбасарларымыздың ара-арасында «өнерге таласы бар» таланттыларымыз жетерлік болып шықты. Бәрекелді!

Ант қабылдаушыларға клуб мүшесінің куәлігін Қызметтік кинология басқармасы бастығының МУА подполковник Рустам Сайдимаров табыс етті.

Жиын соңында біз шекарашы кадеттерден жасақталған взвод командирін тауып алып, сөзге тарттық. Кадет Әмірхан Қанаттің айтуынша, өзінің отбасында форма кигендер жоқ көрінеді. Есесіне, өзіне шекарашылардың жасыл күнқарағы өп дегеннен қатты ұнапты. «Біз осы күнге үлкен дайындықпен келдік. Рәсім маған қатты ұнады. Әсіресе біздің алаңның бойымен саппен жүріп өткеніміз, үлкендердің алдында ант бергеніміз менің жадыма сақталып қалады...» деді.

Ал Назерке Оралханның әкесі әскери екен. «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбын өзім тандадым. Өйткені, мен өзімнің әкемді мақтан тұтамын. Әкем секілді әскери форма кигім келді», деп ағынан жарылған Назеркенің тілегіне тәнті болдық.

Ендеше, ақ жол, Жана Қазақстанның жас патриоттары!

Бетгі дайындаған журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

ПРОФИЛАКТИКА

ЗАБОТА О ЛИЧНОМ СОСТАВЕ

Сохранение жизни и здоровья, профилактика правонарушений, предупреждение фактов суицидальных действий, оздоровление морально-психологического состояния военнослужащих и членов их семей, а также обеспечение безопасности воинской службы – таковы приоритеты месячника, проводимого Пограничными управлениями по Курчумскому и Зайсанскому районам, отделом инженерно-технического обеспечения, а также Департаментом Пограничной службы КНБ по ВКО.



Напомним, что программа месячника была инициирована управлением воспитательной, идеологической и кадровой работы департамента и проводится с 1 по 30 апреля текущего года. В ней разработаны новые подходы в работе по поддержанию правопорядка и воинской дисциплины, социальной поддержке военнослужащих и членов их семей, по профилактике смертности в армейской среде. Она направлена на выработку эффективных мер, достижение положительного восприятия и поддержки со стороны членов семей.

В рамках реализации данной программы офицерами Пограничных управлений, отделов и подразделений границы Департамента Пограничной службы КНБ по ВКО организована и проведена целенаправленная работа по моральному поддержанию супругов при исполнении ими своих служебных обязанностей по защите священных рубежей нашей необъятной Родины, недопущению нарушений воинской дисциплины, общественного порядка и удержанию их от недостойных проступков, порочащих честь и достоинство Пограничной службы КНБ в целом, созданию и обеспечению здорового образа жизни, спокойной обстановки в семье и быту.

Отметим, что забота о личном составе в управлении воспитательной, идеологической и кадровой работы департамента всегда находится на первом плане. При посещении членов семей, супругам были вручены благодарственные письма от имени руководства ДПС КНБ по ВКО за надежный тыл, создание благоприятного домашнего климата и поддержку военнослужащего на службе.

Кроме того, женсоветом Пограничных управлений были организованы выезды в подразделения границы и проведены разъяснительные беседы с членами семей военнослужащих по поддержанию нормальных взаимоотношений в семье и на службе. Также с военнослужащими срочной службы весеннего призыва 2023 года Пограничных управлений по Курчумскому и Зайсанскому районам провели беседы, направленные на сплочение воинского коллектива, формирование доверия военнослужащих друг к другу не только на службе, но и в неформальной обстановке, с целью выработать у солдат лояльное отношение к воинской службе и повысить уровень морально-психологического состояния.

Такие мероприятия, проводимые управлением воспитательной, идеологической и кадровой работы департамента, действуют на военнослужащих положительно как в эмоциональном, так и в морально-психологическом плане, а также способствуют своевременному предупреждению нарушений воинской дисциплины и правопорядка.

Майор А. КАРМЕНОВА, «OS-ЧР».
Фото служашей А. МАРКАБАЕВОЙ.

Журналистермен семинар өткізді

Ағымдағы жылдың 24-25 сәуірі күні Шымкент қаласының маңындағы Ақтас далалық оқу-жаттығу орталығында еліміздегі бұқаралық ақпарат өкілдерінің атсалысуымен семинар өткізілді. Бұл өз кезегінде республикалық «Найза - Антитеррор-2023» жедел тактикалық жаттығу жұмыстарының бір бөлігі болып саналды, әрі бұл ҰҚК тарихында бірінші рет өткізілді.

Сонымен Ақтас далалық оқу-жаттығу орталығына еліміздің әр өңірінен 30-ға жуық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері

ҰҚК терроризмге қарсы штабының арнайы шақыруымен келген болатын. Осы ретте басымдық беретін бір мәселе: Террористік жағдайлар кезінде халықты тексерілген, дұрыс ақпаратпен қалай қамтамасыз ету керек деген сұрақ болды. Іс-шараның бас модераторы ҰҚК терроризмге қарсы штабы басқармасы бастығының орынбасары ұ.к. подполковнигі К. Шалменов түрлі елдерде болған жағдайлар негізінде осындай жиын өткізудің қажеттілігі маңызды екенін атап өтті.

Осы іс-шарада ҰҚК академиясының доценті полковник А. Дегенбаев «Кризистік жағдайдағы журналистердің рөлі» тақырыбындағы дәріс оқыды. ҰҚК баспасөз қызметі өкілдерінің тарапынан бейнероликтер көрсетіліп, журналистерге баспасөз хабарламасын жазу ұсынылды. Сонымен қатар журналистерге арнайы жасақ өкілдерінің операция жүргізу барысы көрсетілді.

Еліміздегі бұқаралық ақпарат өкілдерінің атсалысуымен өткізілген тұңғыш семинар барысында ҰҚК



баспасөз қызметі басқармасы бастығының орынбасары ұ.к. подполковнигі М. Айнабекованың бірлесе жұмыс жасаудың артықшылықтарын көздейтін дәрістер оқылып, тәжірибелік логикалық ойындар ұйымдастырылды.

Іс-шара соңында семинарға қатысушы журналистерге арнайы куәліктер тапсырылды. Бірлесе жұмыс жасаудың маңыздылығын ескерген бұқаралық ақпарат өкілдері өз біліктіліктерін далалық жағдайда да жетілдірді.

Капитан Р. НҮРМЕТ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

СПАСАТЕЛЬНАЯ ОПЕРАЦИЯ

СПАСЕНИЕ В МОРЕ

23 апреля экипаж малого сторожевого пограничного корабля «Тараз» первого дивизиона береговой охраны Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области провел успешную поисково-спасательную операцию в Каспийском море.



Операция была проведена в связи с пропажей двух граждан Республики Казахстан 1983 и 1984 годов рождения, находившиеся на резиновой лодке в урочище Саура, которую унесло ветром в открытое море.

Для проведения поисковых мероприятий начальником Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области полковником Санатом Жумановым в район происшествия был направлен малый сторожевой пограничный корабль «Тараз».



После 80 минут поисковых мероприятий, в 15 километрах от урочища Саура экипаж корабля обнаружил пропавших людей. Морские стражи подняли на борт пострадавших, оказали им необходимую помощь

и передали специалистам поисково-спасательного отряда Мангистауской области.

– Когда нам поступила команда отправиться в район бедствия, мы экстренно приготовились и выдвинулись на поиски. Определив скорость и направление, используя навигацию и оптические приборы, мы оперативно определили предварительный район местонахождения лодки и через 80 минут обнаружили пострадавших, – рассказал командир корабля капитан-лейтенант Даурен Оразов.

Как выяснилось, пострадавшие вышли накануне вечером в море, чтобы порыбачить, но не смогли вернуться к берегу из-за сильного ветра. Кроме того, у них сломалось единственное весло, поэтому они были предоставлены водной стихии.

Спасенные граждане выразили благодарность пограничникам за своевременно оказанную помощь и отметили, что стражи морских рубежей страны не только выполняют задачу по охране границы, но и всегда готовы протянуть руку помощи терпящим в море бедствие гражданам.

Старший лейтенант А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото капитан-лейтенанта Д. ОРАЗОВА.

Музыка нас связала

Среди многих средств эстетического воспитания и повышения культурного уровня военнослужащих особое место занимает музыка.

С 10 по 16 апреля в г. Сочи Российской Федерации прошел международный XXV юбилейный Открытый фестиваль – конкурс армейской песни «За веру! За Отчизну! За любовь!» имени Т.И. Ворониной. Казахстан на данном фестивале был представлен отделом ансамбля Управления военно-патриотической деятельности Пограничной службы КНБ. Конкурсанты выступили в Зимнем театре – на одной из лучших концертных площадок города Сочи.

В этом году на фестиваль съехались более 800 артистов из разных родов войск и стран ближнего зарубежья. Конкурсанты состязались в 9-ти номинациях. Творчество оценивали компетентное жюри под председательством доктора исторических и педагогических наук, заслуженного работника культуры России, генерал-лейтенанта Валерия Новожилова, члены жюри – заслуженные

и народные артисты Российской Федерации, а также Республики Узбекистан и Республики Дагестан.

– Проведение Открытого фестиваля стало доброй традицией. Оно помогает развитию пограничных традиций и укреплению пограничного братства, способствует патриотическому воспитанию молодого поколения, а также призван служить делу мира, созидания и преемственности поколения. Хотелось бы выразить слова благодарности руководству ведомства за возможность показать потенциал ансамбля. Впереди также ожидается участие в популярном международном конкурсе армейской песни в столице России г. Москве. Наше Управление постоянно работает над повышением имиджа Пограничной службы и конечно же для поднятия боевого духа и заряжения энергией военнослужащих, – отметил начальник



отдела ансамбля полковник Куаныш Ануарбек.

Несмотря на то, что времени на подготовку было мало, военнослужащие ансамбля достойно выступили на международной музыкальной площадке и заняли призовые места.

В номинации «Солисты ансамблей песни и пляски» Дипломом лауреата I степени была награждена певица вокальной группы рядовой Эльвира Нургужина.

В этой же номинации Дип-

ломом лауреата III степени был награжден солист вокальной группы младший сержант Кайсар Аубакиров.

В номинации «Исполнители песен профессиональных авторов» Дипломом лауреата III степени награжден солист оркестрового отделения рядовой Кайсар Сапаргалиев.

– Для меня большая честь представлять Пограничную службу КНБ. Я очень счастлива и рада, что приняла участие в фестивале,

в котором удостоилась первого места. Благодарна за возможность выступить. Не зря говорят, что музыка нас объединяет. Здесь мы познакомились и подружился со многими талантливыми людьми из разных стран, – поделилась своими впечатлениями Лауреат международных и республиканских премий рядовой Эльвира Нургужина.

Военнослужащие отметили, что участие на Открытом фестивале многие из них принимали впервые. Они горды тем, что не подвели доверие руководства и поблагодарили за возможность выступления и обмена опытом с другими артистами из разных стран.

Ансамбль Пограничной службы всегда желанный гость на знаковых мероприятиях как внутри страны, так и за ее пределами. За годы своего существования творческий коллектив не раз становился лауреатом международных песенных конкурсов и фестивалей.

**Майор А. БЕИМБЕТОВА,
«OS-ЧР». Фото рядового
К. САПАРГАЛИЕВА.**

ШЕКАРАШЫЛАР ӘУЛЕТІ

«Әкем — менің жолбастаушыым...»

Мен өзімнің кейіпкеріммен сұхбаттасып отырып, «Қызық, неге ол (біздің сұхбаттасымыз-авт.) әкесінің жолын таңдады? Өзінің жүрегі қалаған мамандық болмады ма?» деген «қисық» ой қызыл түлкінің құйрығындай бұлаң етіп барып жоқ болар еді... Сөйтсем, олардың әу баста таңдаған мамандықтары болады..., бірақ бәрібір шекараны жүректерінен жұлып тастай алмайды екен... Мен жақында «Өмір емес, тұнып тұрған ертегі» деген кітапты оқып шықтым. Сондағы өзінің өмірін мөлдіретіп айтып беретін отырған кітаптың авторы ерлі-зайыпты дәрігерлердің шаңырағынан шыққаны үшін ескенде өзінің өмірін медицинаға арнауды шешеді. Білесіз бе, қызының мұнысына басқа емес, әкесі түбегейлі қарсы шығады. Себебі ол қызын басқа қырынан көріп тұр еді...

...Ал Гузеля Исраилқызы – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының асханасын басқаратын прапорщик Г.Бакриеваның шекарашы болуына керісінше әкесі себепкер болған көрінеді. «Мен Алматыдағы оқуымды бітіріп, ата-ана шаңырағына оралғанымда әкем Шонжы шекара отрядында (қазіргі Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасы-авт.) қызмет атқарып жүрген. Менің әкем Ауған ардагері, тәжік-ауған шекарасында болған. Өмір бойы осы шекара отрядында қызмет атқарып, зейнетке «капитан» шенінде шықты. Содан үйге оралғанымда «қызым, оқуыңды бітірдің бе?» деп сұрады. «Бітірдім», деп мен мақтанышпен, Абай атындағы педагогикалық университетінен алған дипломымды көрсетіп жатсам, әкем: «Онда біздің отрядқа жұмысқа тұрасың!», деп сөзді келтесінен қайырды. Мүмкін, қыз баласы болсам да әкем мені өзінің шекарадағы ізбасары көрген болар»...

Әке мен қыз арасындағы осы бір қысқа әңгімеге биыл 21 жыл өтіпті. Өзінің туған отрядындағы ең алғашқы жұмысын оқу орталығында бастайды. Міндеті – жастармен жұмыс істеу. Обалы нешік, жергөгінен шекарашылардың өзі секілді балаларымен ойнап өскен Гузеля бұл міндетті ұршықша иіріп өкетеді. Жалпы, осы жылдар ішінде ол өзі ұнататын жұмыспен айналысыпты. Тіпті, қыл аяғы біздің бас кейіпкерімізге шекара басқармасының күніне пәленбай жүз сарбазды тамақтандыратын асханасында жұмыс істеу де ұнайды екен... «Осыған қарағанда, менің



өмірдегі хоббиім – қолыма алған кез келген істі ұнатып істеу болса керек», деп жымиып күледі көздерінен шуақ төгілген келіншек...

Айтпақшы, Гузеля бақытын шекарашылардың ортасынан тапқан. Жолдасы Тимур Баратов та әскери қызметші. Шекара басқармасының әскери көлік жүргізушісі. Үш ұлдары бар.

Сонымен, асхана. «Бір күні шекара басқармасының басшысы өзіне шақырып алып, мені асхана бастығы деген жауапты лауазымға тағайындағысы келетінін айтты. «Оңай емес, бірақ мен сенің бұл жұмысты дөңгелетіп өкетегіңді білемін» деді. Командиріміздің осы бір-ақ ауыз сөзі жеткілікті болып еді, менің жаңа жұмысыма білек сыбана

кірісуіме» дейді прапорщик Г.Бакриева.

Содан басталып кетсін. Алдымен асханаға ағымдағы жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізуді қолға алды. Мұны өзі бас болып, асханадағы қыз-келіншектердің күшімен жасады. Бұл дағы «сарбаздар асханаға кіргенде өздерін жайлы сезінсін» деген ниет. Сосын, терезелеріне су жаңа перде іліп, ішін жайнатуға кірісті. Әскерге алынып, шекара басқармасының табалдырығынан алғаш аттаған сарбаздардың алдынан нан мен тұз алып шығу-

тамақтануға кіргенде өздерін жайлы сезінсін» деген ниет. Сосын, терезелеріне су жаңа перде іліп, ішін жайнатуға кірісті. Әскерге алынып, шекара басқармасының табалдырығынан алғаш аттаған сарбаздардың алдынан нан мен тұз алып шығу-



ды да өздерінің борышы санады. Бұл үшін қамыр ашытып, бауырсақ пісіруді ұмытқан жоқ. Бұл да туған үйлерінен алысқа кеткен жас жігіт анасының аялы алақанын осылай сезінсін деген ой...

«Асханада 12 қыз-келіншек жұмыс істейді. Оның алтауы аспазшы болса, қалғандары ас үйдің басқа жұмыстарына жауап береді. Барлығы да өз жұмыстарының шеберлері. Оқу орталығы жас сарбаздармен толыққан кезде күніне 500-дей әскери қызметшіні тамақтандырамыз. Осыған қарап, жұмысымыздың қандай екенін біле беріңіз» дейді асхана бастығы.

Біз «аспазшылардың жұмысы ауыр екенін» білетінімізді білдіріп, басымызды «шұлғимыз». Сосын, қойын кітапшамыздағы тізілген сұрақтарға үңілеміз... «Біз сіздің шекара басқармасында ғана емес, Шекара қызметі бойынша да құралайды көзге атқан мерген екеніңізді білеміз...» дедік, сөзімізді жіңішкелеп.

– Дәл таптыңыз, ондай да өнерім бар, – деп күлімсереді біздің шекарашы әріптес. Мергендігіміздің арқасында талай жарыстарға қатыстым. Енді тек ТМД-ға мүше мемлекет шекарашыларының арасында өтетін сайысқа қатысу ғана қалды. Өзілім ғой. Дегенмен, жол түсіп жатса, неге бағымды сынап көрмеске?..

Тағы білетініміз, Гузеля бүкіл шекараны аралап шықты. Өзінің жұмысы осыны талап ететін. Бір жағынан, өзі басқаратын әйелдер кеңесінің шаш-етектен келетін шаруасы да шекара іргесіндегі бөлімшелермен тығыз байланысты еді...

Міне, осылай. Қолына алған жұмысын жайнатып жіберетін Гузеля туралы өзінше айтармыз осы. Өйткені ол өзінің жұмысын, өзінің туған ұжымын шексіз жақсы көреді. Сосын да осының барлығын шекараға деген махаббатының атынан жасайды. Әкесінің жолын жалғастырған қыз өзін басқалай елестете алмайды!.. Ал біз бұл тақырыпқа тағы да оралатын боламыз. Себебі, әсіресе шекарашылар әулетінен шыққан адамдар туралы жазу – бір ғанибет!

**Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген
автор.**

Егемен елдің берік қорғандары

Өткен аптада Тараз қаласында орналасқан Абай атындағы орталық кітапханасы мен ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасы бірлесе отырып, 7 мамыр – Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні мерекесі қарсаңына орай «Егемен елдің берік қорғаны» атты мерекелік шығармашылық кешін өткізді.



Шарада басқарма мен оған бағынышты бірқатар шекара бөлімшелерінің сарбаздарына арналған кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге ұсынылған әдебиеттердің қатарында еліміздің Қарулы күштері, соның ішінде Шекарашылар, Отан қорғаушы сарбаздар, майдан даласына аттанып, оқ пен оттың ортасында бейбітшілік үшін жан қиған жауынгер батырларымыз туралы патриоттық тәлім-тәрбиелік бағыттағы басылымдарды құрайды. Олардың қатарында қазақ халқының батыр ұлдары Қасым Қайсеновтің «Жау тылында», Мамытбек Қалдыбайұлының «Б.Момышұлының сүйікті ұстазы» атты шығармашылық туындыларына шолу жасап, олардың қызығы мен қиыншылығына толы өмірлік жолдарын көрермен қауымға әңгімелеп берді. Кітап көрмесіне ұсынылған әдебиеттер мен басылымдар отан-сүйгіштік сезімді қалыптастыруда тарихи тұлғаларды, батырлар мен әскери қолбасшылардың өмірлік атқарған жолын дәріптеуге бағытталған. Кітапхана менгерушісі қазағымыздың біртуар азаматтарының шығармашылық мұраларымен таныстыра отырып, қаламгерлеріміздің туған жер, Отан туралы жүрекжарды өлең шумақтарын шекара сақшыларына тарту етті.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл ауданы бойынша шекара басқарма бастығының Тәрбие, идеологиялық және кадрлар жұмысы бойынша орынбасары подполковник Мұсабеков Қуаныш Алтынбекұлы өз сөзінде: «1992 жылдан бері тойланып келе жатқан бұл мереке – бейбіт елдің тыныштығын әуеде, құрлықта, теңізде қорғап, өз тағдырын ел тағдырымен байланыстырып жүрген әрбір әскери қызметші үшін ерекше күн», – деп Отан қорғаушылар күнінің маңыздылығын атап өтті. Құттықтау сөзінде ол баршаға табыс тілеп, шекара қызметіндегі атқарылып отырған осындай патриоттық іс-шаралардың өткізілуіне атсалысқандары үшін Шекара басқармасының кітапхана менгерушісі Камила Абсеметоваға, Тараз қаласы ОККЖ директоры Ұ.Сәулебаева және Абай атындағы орталық кітапхана ұжымына шексіз ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттармен марапаттады.

Іс-шарада сарбаздар өздері қызығушылық танытқан әдебиеттерін қолдарына алып, кітаптағы шығармалардың үзінділерін асқан құштарлықпен оқысты. Ал «Бесағаш» шекара бөлімшесінің қатардағы жауынгері Темершев Жансұлтан Маратұлы сөз сөйлеп, көрмеден алған әсерлерін айтып, кейбір шығармалар бойынша өз ойымен бөлісті.

Капитан Т.СЕРІКҚАЛИЕВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

Шекарашы атан, жас қыран!

Еліміздің шеткі нүктелерін күзету ісі – нағыз ер жігіттің қызметі. Себебі шекара шебіндегі қасиетті қызметте жүректері: «Халқым үшін адал қызмет етсем. Отанымның тағдыры шекарадан басталады», – деген нағыз патриоттардың адал қызмет етіп жүргені белгілі.

Жастарды шекарашылардың қатарына қызметке шақыру жұмыстарын ұйымдастыруда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінде бір қатар елеулі шаралар ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың наурыз айынан бері облыстық және қалалық телеарналарда Отан қорғаушылардың қатарына шақыру бойынша бірнеше рет үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылды. Атап айтқанда облыстық «Қазақстан Қостанай» телеарнасының «Ұлт мүддесі» бағдарламасында департаменттің әскери қызметшілері – подполковник Д.Кекілов, подполковник А.Мұқашев, ефрейтор А.Исқақ сұхбат берді. Ал облыстық «Алау» телеарнасының «Көкейкесті» бағдарламасында ефрейтор А.Исқақ қатысса, «Қазақстан Қостанай» облыстық телеарнасының «Первая студия» бағдарламасында Қостанай облысы бойынша департамент бастығының орынбасары подполковник С.Төлеуханов пен ефрейтор А.Исқақ шақырулы қонақ ретінде өз ойларымен бөлісті. Түрлі бағдарламаларға қатысқан шекара сақшылары сұхбат барысында жастардың патриоттық тәрбиесін тілге тиек етті. Облыс жастарын Шекара қызметіне келісімшарт негізінде әскери қызметке шақырды.

Облыстық «Алау» телеарнасының тілшілері департаменттің кадрлар қызметінің азаматтық тұлғаларды әскери қызметке қабылдау бойынша



атқарып жатқан жұмыстары жөнінде арнайы репортаж түсіріп, жергілікті халыққа таратты.

Сонымен қатар Қостанай облысының БАҚ өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында «Шекара қызметіне әскери қызметке шақыру» тақырыбында брифинг өткізілді. Брифингке подполковник С.Төлеуханов пен подполковник А.Мұқашевтер қатысты. Шараға облыстың жетекші БАҚ өкілдері онлайн және офлайн түрінде қатысты.

Әскери қызметке шақыруға арналған видеороликтер Қостанай облысы бойынша Халықты жұмыспен қамту орталығының аудан орталықтарындағы алты бөлімшесі ғимаратының қабырғасына ілінген экрандарда күніне бірнеше қайтара көрсетілуде.

Әскери қызметке шақыруға арналған видеороликтер облыстық, қалалық және аудандық газеттерінің жиырмадан астам ресми парақшаларының әлеуметтік желілеріне жарияланды.

Бүгінгі күні Қостанай облысы бойынша департаментінің шекарашылардың қатарына шақыруға арналған ауқымды жұмыстары өз нәтижесін беруде. Ел шебінің тыныштығын күзетуді қамтамасыз етуге арналған әскери қызметке орналасуға құжаттарын тапсырушылардың қатары көбеюде. Алдағы уақытта да мұндай жұмыстардың жүйелі түрде жалғасын табары сөзсіз.

Майор М.ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

«ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІ» ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 6-8 сәуір аралығында ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Әйелдер кеңесінің» кезекті отырысы өтті. Мазмұнды шара департамент құрамындағы «Қобда» шекара бөліміне қарасты «Терісаққан», «Ақыраб», «Жиренқопа» шекара бөлімшелерінде жүзеге асырылды.



Жеке құрамның адамгершілік тәрбиесін күшейтуге басым бағыт беретін қиын әскери қызметшілердің, жұмысшылар мен қызметшілер отбасы мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүдделі. Сонымен қатар тиісті тұлғалардың тұрмыстық-әлеуметтік мәдени мәселелерін шешуде маңызды рөлге ие. Әскери қызметшілер арасындағы қордаланған тақырыптарды қаузапайтын орта күні бүгінге дейін өз деңгейінде қажетті көмек көрсетіп келеді.

Ерікті түрде жасақталған кеңес құрамы алыс-жақын бөлімдер мен бөлімшелерді аралап, көп балалы және жас отбасылармен жүздесті. Тәрбиелік-идеологиялық жұмыс сапасын жақсарту негізінде қатысушыларды бекітілген кешенді жоспармен таныстырып, ашық сұхбат құрды.

Әскери ұжымда психологиялық климат қалыптастыру, шалғайдағы шекара бөлімдеріндегі әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау, эстетикалық-адамгершілік тәрбие шеңберінде үздіксіз жұмыс жасау, педагогикалық және құқықтық білімді насихаттау жиынның негізгі мақсаты болып табылады.

«Әйелдер кеңесі» отырысын әр тоқсан сайын 1 мәрте өткізу жоспарланған. Кеңеске департамент құрамында жұмыс жасайтын беделді әйел-әскери қызметшілер мүше. Жан-жақты қолдауға ие ұйымымыз түрлі мазмұндағы мәжілістер ұйымдастырып, бірқатар мәселелердің онтайлы шешім табуына себеп болды деп сеніммен айта аламын. Шалғайдағы шекара маңындағы түйткілді мәселелердің шешу жолдарын іздеп, басшылық құрамға тиісті ақпараттарды ұсыну кеңес қызметінің алғышарты болса керек. ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті құрамындағы «Қобда» шекара бөлімінде өткен кеңес ілкімді істердің бір парасы, – әйелдер кеңесі төрайымының орынбасары, қатардағы Гүлжанат Құрманай.

Аталмыш кеңес жұмысы перспективалық жоспар негізінде жыл көлемінде жалғасын таппақ. Шалғайдағы шекара шебінде шаңырақ көтерген отбасылар өздеріне деген басшылық құрамның ыстық ықыласын, ерек қолдауын сезіне алса, кеңес жүктеген міндеттің орындалғаны.

Аға лейтенант Б.ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет «Қобда» шекара бөлімінен.

ҚАУІПСІЗДІК ПАТРУЛІ

Жалпы қала көшелеріндегі көлік ағынында әскери көлік құралдарын азды-көпті болсын, арасында кездестіріп тұратынымыз бар. Солардың ішінде айырымы жасыл түсті нөмірлі қызметтік темір тұлпарлар Шекара қызметіне тиесілі екені баршамызға мәлім. Бұл ауыр және жеңіл техникалардың жолдағы жол жүру ережелерін бұзуларындағы алдын-алуын бақылау міндеттері ҚР ҰҚК ӘПБ әскери жол полициясының инспекторларына жүктелген.

Әскери тәртіп сақшыларының назары, әрине, өз құзыреті шегінде әскери қызметшілер арасындағы жүргізушілердің, көлік құралдарының аға жетекшілері мен басқа да лауазымды тұлғаларының жол қозғалысы кезіндегі ережелерді сақтау болып табылады. Апаттардың алдын алу мақсатында олар профилактикалық сабақтар мен түрлі шараларды ұйымдастырып отырады.

Осындай жол қозғалысы кезіндегі қандай да бір ереже бұзушыларды анықтау үшін ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің автомобильдік қызметіне жауапты офицерлерімен бірлесе атқарылған

рейттік шараларына бірнеше рет қатысып, өз көзімізбен көрген болатынбыз.

Жалпы, тексеру жұмыстарының барысында әскери жүргізушілер арасындағы тәртіп бұзғандарды анықтау және жолын кесу ғана емес, сондай-ақ міндеттеріне жүктелген, әскери мүліктер мен жеке құрамды тасымалдауға шыққан әскери автокөліктер легін сүйемелдеуді қамтамасыз ету жататындығын да байқадық. Көліктер жолға шықтастан бұрын олардың техникалық жай-күйлерін қадағалап, жүргізушілер құрамымен профилактикалық жұмыстар жүргізеді.

Департамент аумағынан тыс



жүрген көлік құралдарын тексеруден басқа парк тұрағында тұрған төрт дөңгелекті темір тұлпарлардың жағдайын бақылайды. Парктегі ішкі тексерістер жоспарлы түрде және еш ескертусіз кенеттен жүзеге асырылады. Мұндай іс-шаралардың барысында ішкі қызметтің атқарылуын, көлік құралдары мен жүргізушілер құрамын рейс ал-



дындағы дайындықты ұйымдастыру кезеңіндегі жұмыстарын тексереді.


Техниканың орынынан қозғалмастан бұрын жол қозғалы-

сының қауіпсіздігіне әсер етуші ақауларының бар-жоғын анықтайды. Жеке құрамды, оқ-дәрілерді және басқа да қауіпті жүктерді тасымалдайтын көліктердің жағдайларына ерекше назар аударады. Жол құжаттамасын рәсімдеуге, жол парағында көрсетілген жүру маршрутынан ауытқуға байланысты бұзушылықтар да жазасыз қалмайды. Жүргізушілердің сыртқы келбетінің ұқыпты болуына үлкен көңіл бөлінеді. Өйткені қалың жұртшылық бір ғана әскери қызметшінің келбетіне қарап, жалпы шекарашылар туралы теріс пікір қалдырып, ведомствомыздың имиджіне нұқсан келтіруі өбден мүмкін. Тексеру барысында техникалық ақаулығы анықталған көліктер пайдаланудан шектетіліп, кемшіліктері жойылғанына парктен шығарылмайды. Бұл жағдайда жүргізуші мен жауапты лауазымды тұлғалар көліктің техникалық жағдайын толығымен тексеріп, жөндеу жұмыстарына кіріседі.

**Капитан Т.СЕРІКҚАЛИЕВ,
«ОС-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**

Сақтансаң сақтайды

Қай уақытта болмасын кез-келген жағдайда адам баласы жазатайым болып жататын кездер кездесіп тұрады. Әрине ол кінәні өзімізден іздеуіміз керек. Белгіленген тәртіппен ережені қатаң сақтасақ мұндай оқиғалардың алдын алатынымыз сөзсіз.



Автокөлік тарихының басталғанына бірнеше ғасыр болғанына қарамастан, автокөлік индустриясының даму қарқыны жыл сайын өсуде. Қазіргі таңда автокөлік қоғамда өзіндік орны бар мүлікке айналып, жол қозғалысының ажырамас бір бөлігін құрайды. Бұл үдеріс біздің елімізде де байқалады. Дегенмен, көлік түрлері мен санының артуы салдарынан көлік қылмыстарының көрсеткіші өсіп, онда зардап шеккендердің күрт өсімі байқалды. Ал көлік қылмыстары ішінен алдыңғы қатарды жол-көлік оқиғалары құрады. Бұл жол-көлік оқиғалары мен оның қоршаған ортаға, адам өмірі мен денсаулығына тигізетін теріс салдарын, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін кезек күттірмей шешу қажет екендігін көрсетеді. Бұл ретте «Автокөлік өлімінің» әлем бойынша қатерлі ісік пен жүрек-тамыр ауруларынан кейін үшінші орынға шығуы таңғаларлық жағдай емес.

Атырау облысы бойынша департаментінің жеке құрамы бүгін саптық алаңға өзгеше тәсілмен шықты. Алдыңғыдай әскери сөмке орнына өздерінің жеке көліктерімен сап түзеді. Бұнында өзіндік сыры бар. Бүгінде әскери қызметшілер болсын, яки қарапайым адамдар арасында жеке қауіпсіздік шараларын ұмытып жататын жайттар кездеседі.

Міне осындай заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында жеке құрамның құжаттары мен қоса оқыс оқиға болған жағдайда әрекет етуге жарамды құралдарының бар жоқтығы тексерілді.

«Апат айтып келмейді. Білесіздер қазіргі күні көптеген адамдар көліктерін құжатсыз немесе оқыс жағдайда әрекет ететін құрал жабдықтары жоқ болып жатады. Сондай мақсатта біз бүгін жеке құрамды тексерістен өткіздік. Тексеру барысында бірнеше кемшіліктер анықталды. Қарапайым өрт сөндіру құралы немесе дәрігерлік қобдиша керек кезде алар орыны ерекше. Сондықтан бүгінгі іс-шараның маңызы үлкен деп есептейміз» – дейді департамент бастығының орынбасары полковник Жұмахан Абиљебеков.

**Аға лейтенант Ө.АЙТӘЛІ,
«ОС-ЧР». Сурет Атырау облысы департаментінен.**

Доведены новеллы

антикоррупционного законодательства

В Департаменте Пограничной службы КНБ по Мангистауской области проведена встреча военнослужащих с сотрудником Агентства по противодействию коррупции РК.

Основная цель мероприятия – профилактика коррупции и недопущение нарушений антикоррупционного законодательства среди военнослужащих, соблюдение ими этических норм.

В ходе встречи главный специалист Департамента по противодействию коррупции по Мангистауской области Нургуль Мукатай разъяснила основные положения Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» и основные тенденции Концепции антикоррупционной политики на следующие пять лет.

– Одним из нововведений в концепции является институт Integrity check, позволяющий выявлять лиц, склонных к коррупции до совершения преступления. Институт Integrity check используется во многих странах мира. Данный вид проверки на добропорядочность позволяет прекратить явку на государственную службу ради обогащения и обеспечивает формирование добропорядочных и профессиональных кадров. Также закон вводит контроль над соответствием расходов и доходов государственных служащих, приравненных к ним лиц, их супругов, – прокомментировала спикер.

Как отметила Нургуль Мукатай, данный Закон направлен на реализацию поручения Главы



государства об установлении строгой ответственности за провокационные действия должностных лиц, осуществляющих оперативно-розыскную деятельность или досудебное расследование. Законом установлен полный запрет на подарки, материальное вознаграждение и предоставление услуг госслужащим и членам их семей за действия в пользу дарителя.

Кроме того, за нарушение антикоррупционного законодательства Закон приравнял сотрудников квазигосударственного сектора, принимающих ключевые решения по закупкам и реализации проектов, финансируемых из государственного бюджета к государственным служащим.

Также Законом предусмотрены нормы, направленные на урегулирование отдельных вопросов совместной работы



родственников в одной организации, информирования о коррупционных правонарушениях, жилищных выплат сотрудников антикоррупционной службы, создания комплаенс-служб в субъектах квазигосударственного сектора.

В завершение спикер напомнила участникам встречи о стандартах поведения госслужащих на службе и в быту, в соответствии с Этическим кодексом госслужащих. Она отметила, что в рабочее время госслужащие должны соблюдать деловой этикет и правила официального поведения, а вне рабочего времени придерживаться общепринятых морально-этических норм, не допускать совершения проступков и иных правонарушений.

**Старший лейтенант
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Фото автора.**

ТАКТИКА ВЫЖИВАНИЯ

пограничника в природных условиях

Статья тридцать четвертая: «Дом из ничего, или как попавшим в экстренную ситуацию пограничникам защититься от неблагоприятных климатических воздействий».




Рис. 1

Костер под дождем. При разведении костра под дождем на переувлажненной почве в первую очередь следует найти возвышенную, и значит, более или менее сухую площадку под костровище. На влажной почве надо

сделать настил из камней или бревен (рис. 1).

На очень влажной поверхности или на болоте такой настил должен быть более капитальным, например, из бревен, уложенных друг на друга в виде сруба, или поднятым на рогатках (рис. 2).

В принципе, возможно использовать в качестве костровища даже плавающий настил в виде плота из 2-3 рядов бревен, связанных проволокой (рис. 3).




Рис. 2

Затем необходимо защитить костровище сверху от дождя и капель, падающих с веток деревьев. Надежней всего поставить над костровищем каркасно-тканевое убежище (типа вигвам, бивачный мешок и т.п.) или растянуть двускатный навес-шалаш из куска




Рис. 3

полиэтиленовой пленки, перекинутой через натянутую между деревьями веревку, уложенную на сучья палку. Небольшой кусок пленки можно удерживать в вытянутых руках над костровищем. Наконец, можно прикрыть костровище плащом, курткой, связанным из елового лапника плотным веером. Когда совсем ничего нет, можно попытаться защитить костровище от дождя собственным телом.

На костровище под защитой навеса выкладывается костер по схеме «Таяжный-1» (иногда его еще называют «Скат», «Крыша» и пр.). Для этого к лежащему на настиле толстому бревну вплотную друг к другу прилегают расколотые вдоль на две половинки длинные поленья. Получается как бы своеобразная односкатная крыша, в которой сухие слои древесины обращены к земле, а кора вверх. Крыша защищает от намкания костер и одновременно выполняет роль толстых дров (рис. 4).




Рис. 4

Под защитой крыши из поленьев на костровище устраивается запальный костер. В качестве растопки обычно используется береста, которая хорошо горит даже будучи мокрой. Бересту, свернувшись в плотную трубочку (свиток), необходимо разорвать на тонкие полоски. Во время сильного дождя в такой, но не очень плотный свиток можно вложить несколько тонких берестяных полос и поджечь. Внешняя оболочка защитит растопку от намкания, постепенно подсохнув, разгорится сама.

При отсутствии легкодобываемой бересты подходящую растопку приходится добывать из середины сухих древесных стволов. При этом чем более сухое дерево будет найдено, тем более высокого качества получится растопка. Выбранное дерево заваливается, распиливается на несколько коротких чурбачков, которые раскалываются пополам. Затем чурбачки переносятся под прикрытие какой-нибудь импровизированной крыши и из их середины вырезается так называемая «лучина» – тонкая сухая палочка. Если лучину обстругать с одной стороны, оставив стружку в виде торчащего в стороны пышного воротничка, то получится более высокий сорт растопки – «разжигательные палочки».




Рис. 5

При не самой сырой погоде точно такие же «разжигательные палочки» можно приготовить из отломленных от ствола дерева и обструганных небольших сухих веточек и сучков (рис. 5).

Сверху над растопкой шалашиком или конусом устанавливаются запальные дрова. Очень важно работать с растопкой, запальными дровами и особенно со спичками сухими руками. Для этого их надо вытереть о сухую одежду и подсушить на животе или подмышками. Волосы лучше подвязать импровизированной косынкой, чтобы с них не капала вода.

При разжигании костра под дождем или в сильный ветер лучше использовать не одну, а несколько сложенных вместе спичек. Только складывать их лучше уступом, тогда находящиеся на разном расстоянии воспламеняющиеся головки будут загораться последовательно, одна за другой, создавая больший и более продолжительный жар (рис. 6).




Рис. 6

Значительно облегчает разведение костра под дождем наличие сухого горючего, куска плексигласа или огарка свечи. В этом случае свеча (плексиглас, сухое горючее) устанавливается на костровище под крышей из поленьев. Если свечка длинная, ее лучше поставить в небольшую, заранее вырытую в грунте ямку. Над свечой шалашиком укладываются мелкие дрова. Тонкая растопка в этом случае не нужна, так как она очень быстро прогорает, и упав, гасит пламя свечи. Огонь свечи постепенно подсушивает растопку и поджигает ее.



Рис. 7

Необходимо следить, чтобы растопка находилась в верхней половине язычка пламени, но не касалась фитиля свечи. Для ускорения процесса разведения костра можно также накапать на растопку стеарин с горячей свечи (рис. 7).

При отсутствии достаточного количества сухих дров для их просушки можно использовать костер-пирамиду. Для этого над ямой, где выложен запальный костер, укладываются срубом расколотые вдоль поленья. Во время сильного дождя такой костер желателно защитить тканевой «крышей» или уложенными сверху плотно пригнанными друг к другу поленьями (рис. 8).

Надо помнить, что при разведении костра под дождем требуется заготовить растопки и сухие дрова в 2-3 раза

больше, чем в сухую погоду. И обязательно защитить их от осадков.

Бесполезны, даже опасны при разведении костра взрывчатые и горючие вещества (спирт, бензин, порох и пр.). Сгорают они мгновенно, не успевая высушить растопку.

Если у потерпевших нашлся бензин или спирт, надо пропитать ими свернутый в плотный жгут кусок ткани и использовать его в качестве растопки.

Если обстоятельства потребовали добавить в костер бензин, его надо налить в какую-нибудь емкость и издали и разом плеснуть в огонь. Попытки лить бензин из бутылки в огонь могут закончиться ее взрывом в руках!

Порох можно попытаться осторожно набить в узкое, со стержень шариковой авторучки отверстие, просверленное в полене, поднести к растопке и поджечь, но при этом люди не должны стоять близко.

При использовании для разведения костра фальшфейеров, факел-свечей и других испускающих огонь пиротехнических средств необходимо помнить, что действие их в большинстве случаев кратковременно, поэтому поджигать с их помощью можно только растопку, а не сразу дрова. Они просто не успеют подсушить мокрую древесину. При этом, наряду с растопкой на костровище, шалашиком сверху должны быть уложены тонкие запальные дрова. Площадь и температура пламени у фальшфейеров намного выше, чем у спичек, и разжигая растопку, оно заодно сможет подсушить поверхность дров.

С помощью «долгоиграющих» (более 10 мин) фальшфейеров можно поджигать сразу большие дрова, минуя стадию подготовки растопки. Но для этого в поленьях необходимо вырубать глубокие затесы и настругать побольше стружки. Держать фальшфейер следует вдоль поленьев, чтобы пламя охватывало наибольшую поверхность древесины.

С той же целью (подсушивания и разжигания растопки) можно использовать аэрозольные баллончики. Для этого их надо вкопать в землю в непосредственной близости от костра, направить сопло на растопку, зафиксировать кнопку камнем и подставить под струю пламя факела.

Следует помнить, что при разведении костра с помощью аэрозоля баллончики почти всегда взрываются! Поэтому факел должен быть зафиксирован или иметь как минимум метровую ручку.

Для разведения огня могут оказаться бесполезны алюминиевые ложки. Надо с помощью ножа или топора настругать мелкие стружки и опилки. В подобном виде алюминий легко поджигается и интенсивно, правда, очень кратковременно горит.

Другие виды топлива. При наличии запасов горючих жидкостей (горючего и ГСМ) их можно использовать в качестве топлива. Только очень важно слить их из механизмов транспортных средств до того, как они замерзнут. При этом не следует пренебрегать отработанными, грязными маслами. Для топлива сгодится «горючка» в любом состоянии.

Бензин в чистом виде для отопительных целей непригоден и опасен, так как сгорает практически мгновенно, не успевая подсушить растопку. Но он хорошо и долго горит, если им пропитать песок, насыпанный в яму, выкопанную в грунте. Если тот же песок насыпать в какую-нибудь емкость, а затем пропитать бензином и поджечь – получится примитивный очаг.

(Продолжение в следующем номере)

Подготовил полковник Е. КОСТЕНКО.

Қазақ күресінен жарыс өтті

Жақында Солтүстік Қазақстан облысында ҚР ІІМ спартакиадасы мен «Динамо» дене шынықтыру спорт қоғамының ведомствоаралық спартакиадасының бағдарламасы шеңберінде құқыққорғау органдары мен Күштік құрылымдардың арасында қазақ күресінен жарыс өтті.



Биылғы жылғы жарыс Ұлы отан соғысының қатысушысы, полиция генерал-майоры Ахмет Тұмарбековтың 100 жылдық мерейтойына арналған.

Салтанатты ашылуы Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Олжас Ыдырысов өткізді. Сондай-ақ аталған шарада спорт пен дене шынықтыру саласын дамытуға Күштік құрылымдардың имиджін көтеруге үлес қосқаны үшін спортшылар мен әскери қызметшілерге құрмет грамоталары табысталды.

Республиканың түкпір-түкпірінен келген погондағы 176 спортшыдан құралған 32 команда өздерінің төзімділіктері мен шеберліктерін боз кілемге салды. Жекпе-жек нағыз жауынгерлік режимде өтті. Қатысушылар арасында дебютанттар да, тәжірибесі бар жауынгерлер



де болды. Спортшылар жеңіске деген ерік-жігерді, жауынгерлік рухты және турнирге керемет дайындығымен келгенін көрсетті.

Турнир қорытындысы бойынша ҰҚК Шекара қызметінің намысын б әскери қызметшілер қорғап, оның

ішінен үшеуі жүлделі орындарды иеленді. 90 келі салмақта Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінен лейтенант Е.Мұсағалиев, 80 келі салмақта Жамбыл облысы бойынша департаментінен аға лейтенант Н.Ұзақбаев пен Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінен 66 келі салмақ дәрежесінде кіші сержант Д.Аманұлы үздіктер қатарынан көрініп, жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз. Спорт ел қорғаушылар келбетінің маңызды құрамдас бөлігі. Мұндай жарыстарға қатысу әскери қызметшілерімізді шынықтырып қана қоймай, жеке құрамның патриоттық тәрбиесіне де ықпал етеді.

Аға лейтенант С.ӘЗІМХАНОВ, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

Секреты справедливости

В период с 21 по 22 апреля на базе спортивного клуба «Q sport» г. Астаны прошел судейский семинар для сотрудников и военнослужащих органов национальной безопасности.

Мероприятие организовано в рамках взаимодействия между Пограничной службой КНБ и Министерством культуры и спорта при поддержке Всеказахстанской ассоциации рукопашного боя (ВКАРБ).

Всего на семинаре впервые приняли участие 60 военнослужащих Пограничной службы КНБ и 10 сотрудников Центрального аппарата КНБ.

На протяжении двух дней для указанной категории занятия проводили мастера спорта международного класса по рукопашному бою – Әділ Қайрбаев (Генеральный секретарь ВКАРБ, судья экстра-класса), Бахытбек Баймуханбетов (Заслуженный тренер РК, 2-кратный Чемпион мира по РБ), Максат Бекмуханбетов (Судья 1-го класса, Чемпион мира по РБ).

Семинар дал участникам возможность обмена опытом и мастерством судей, а также повышения квалификации молодых специалистов. Были продемонстрированы приемы, применяемые при самообороне, порядок проведения судейства при поединках, исчисления баллов и замечаний.

По итогам судейского семинара, военнослужащим и сотрудникам присвоены удостоверения инструкторов по рукопашному бою, а также выданы сертификаты с правом судейства турниров на территории Казахстана сроком на два года.

Капитан О. ЖАКСЫЛЫКОВ, «OS-ЧР». Фото лейтенанта А.САБИЕВА.



Соревнуются СИЛАЧИ-ПОГРАНИЧНИКИ

20 апреля в спорткомплексе «Арыстан» в рамках Спартакиады Комитета национальной безопасности были проведены соревнования по жиму штанги лежа среди подразделений города Астаны.



В соревнованиях приняли участие 22 команды. Сильнейшие спортсмены в семи весовых категориях боролись за звание лучших в личном и командном первенствах.

Соревнования по жиму штанги всегда сопровождаются обилием магнезии и запахом ментола. Некоторые спортсмены используют ментолосодержащие мази для разогрева мышц. Ведь на таких состязаниях необходимо не просто поднять вес и обойти соперника. Нужно делать все по нормативам – правильно выходить, понимать команды судьи, использовать специальную технику, не отрывать пятки ног при подъеме.

– Иногда спортсмен, который на тренировках поднимает запределный вес, на соревновательном помосте не справляется и с долей того, что может выполнить. Здесь складывается много факторов. Прежде всего идет борьба не только с железом, но и с самим собой. Многое также зависит от настроения спортсмена. В таких моментах лучше ни о чем не думать, спокойно выходить и работать как у себя дома или в спортзале, – сказал консультант Управления оперативной и боевой подготовки Департамента боевой подготовки и службы войск подполковник Дмитрий Панасюк.

В личном зачете в весовой категории до 75 кг «золото» завоевал рядовой И. Бопантаев (УПК «Астана»), а «серебро» – ефрейтор М. Дусен (УПК «Астана»). В весовой категории до 82 кг третье место занял подполковник Н. Абуов (РГУ ПС КНБ). В весовой категории до 100 кг бронзовым призером стал младший сержант А. Жунусов (УПК «Астана»). В весовой категории свыше 100 кг вторым стал младший сержант А. Токтаров (УПК «Астана»).

По итогам соревнований военнослужащие Пограничной службы КНБ в общекомандном первенстве заняли первое место.

Жим лежа является базовым упражнением. Это связано с тем, что в ходе тренировки работают практически все мышцы. Оно отлично развивает силу и содействует набору мышечной массы. Несмотря на то, что техника выполнения упражнений на соревнованиях на помосте отличается от техники исполнения в процессе тренировки, данное упражнение неоспоримо при подготовке спортсменов других видов спорта. Упражнение требует правильной техники исполнения и грамотного выставления позиции.

Капитан О. ЖАКСЫЛЫКОВ, «OS-ЧР». Фото лейтенанта А.САБИЕВА.

ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің жеке құрамы полковник Алимжан Бакиевтің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мүшелері мен жақындарына қабырғасы қайысып көңіл айтады.

САРБАЗ ХАТЫ



Қалайсыздар, ардақты анашым, асқар тау әкешім және іні, қарындастарым? Жағдайларыңыз қалай? Бүгінгі бос уақытымды пайдаланып сіздерге хат жаздым. Міне әскердегі өмірдің басталғанына да алты айдан асты. Ұлдарыңыз дін аман. Барлығы ойдағыдай өтіп жатыр.



Туған жердің топырағында әскери қызмет атқару қызық екен. Қазір біз Атырау облысы бойынша департаментіне қарасты «Евразия» шекара бөлімшесіндеміз. Мұндағы жолдастарым да Атырау облысынан келген жігіттер. Бірімен аудандық жарыстарда таныссақ, бірмен осы әскери өмірге келіп танысып жатырмыз. Барлығымыздың күніміз қызықты өтіп жатыр. Алғаш келгенде күн санап жүретін едік. Қазір оны ұмыттық. Тіпті әскери өмірді кимайтындай болып көрінеді.

Биыл білесіздер Батыс өңірге қар қалың түсті. Қалың қарды омбылап түрлі нарядтарға шығып жүрдік. Заң бұзушылардың ізіне түсіп, оларды ұстаған кездеріміз жиі болды. Ағаларым айтқандай әскерден қорқатын ештеңе жоқ екеніне көзіміз жетті. Мұндағы басшылық бізге өте жақсы қарайды. Білмеген дүниелерді үйретіп келеді.

Бұрын теледидардан ғана көрген қаруды қолымызға ұстап, түрлі жаттығулар жасап үйрендік. Қазір қаруды шашып жинауда бір-бірімізбен жарысатын халге жеттік. Жакында біздің бөлімшеге үлкен аквариум әкелді. Онда түрлі балықтар бар. Біз сол бөлмеде балықтарға тамақ беріп, достарымызбен оңаша әңгіме айтамыз.

Бөлімшедегі офицер мырзалар бізге осы отан алдындағы борышымызды жақсы өткеретін болса, бізге жоғарғы оқу орнына грантка түсуге мүмкіндік бар екені жайында айтты. Міне соны естігелі бері бізде үлкен қуаныш. Себебі барлығымыздың жоғарғы оқу орнына түсуге деген құлшынысымыз жоғары. Әскерде мен ата-ананың қадірін, туыстар мен достардың қадірін түсіндім. Бала Нұрзаттарыңыз бүгінде ер жетті. Менің артымда үлкен жауапкершілік бар екенін түсіндім.

Екі аптада бір рет психолог мамандар келіп түрлі тренингтер ұйымдастырады. Өткен аптада келіп, сыртта от жағып, өлең айтып, түрлі өнерлерімізді көрсеттік. Қызықты отырыс болды. Жалпы айтқанда әскер ер жігіт үшін үлкен тәрбие десем де болады. Оны әскерге барып көрмеген адам түсінбейтіні анық. Әскерді аяқтағаннан кейін үлкен жоспарларым бар. Бұйырса сол жоспарларымды жүзеге асырсам деген үміттемін.

Мендегі жаңалықтар осы. Сіздер қалайсыздар? Ауылымда қандай жаңалықтар бар? Сіздерді қатты сағындым. Мен үшін уайымдамаңыздар. Менде бәрі жақсы. Бұйырса елімнің шекарасын күзетуге нарядқа аттанамыз. Құрметті менің жақын жандарым, сіздер алаңсыз ұйықтаңыздар. Себебі ұлдарыңыз сіздердің тыныштықтарыңызды күзету үшін сапқа тұрды. Осымен хатымды аяқтайын, сау саламатта болыңыздар.

Құрметпен ұлдарыңыз
Нұрзат АХМЕТЖАНОВ.

«OS-ЧР»: кереметтер...

Ұлы Жеңіске – 78 жыл. Осыдан тура 78 жыл бұрын біздің газет Ұлы Отан соғысының тоқтаған соңғы деміне құлағын түрген әскери ұнпарақтардың бірі. «Қызыл ту – жеңіс туы, бүгін Берлин үстінде... Зұлымдыққа көк шатыр болған неміс аспаны жаққа шапалақтап тұрғандай!» дейтін кез...



...Дегенмен, жауынгерлердің намысын жаныған газеттің өзінде де біраз өзгеріс болса керек. Редакция басшылары ауысып, ұнпарақ осыған дейін Шекара әскерлері Қазақ округінің қызылармиялық газеті атанып келсе, бұдан әрі жай ғана қызылармиялық болып қалды. Сосын, Ұлы Жеңіске жеткенше газеттен түспеген жалын сөздерді өзгертетін уақыт келді. Газетіміздің 80 жылдық мерейтойына арналған кезекті мақаламыз осындай айтулы оқиғалар жөнінде өрбиді. Әрине, арасында газеттің «отымен кіріп, күлімен шыққан» журналистердің бастарынан кешірген қызықтарына да арагидік тоқталамыз. Сеніңіз, оқиғалар оқиғалар жетеді!..

Біздің жауынгерлер жауды түре қуып, Берлинге дейін бару үшін олардың рухын көтеретін жалын сөздер керек. Ал мұндайда газет – жауынгерлердің көзі мен құлағы (әрине, нақылды сөз өзгертуге тура келді, бұл үшін оқырман бізді сөкпес-авт.) болғандықтан, «Неміс басқыншыларына – өлім!» деген ұран мамыр айына дейін түскен жоқ еді. Есесіне, Ұлы Жеңістен кейін мұның «ыстығы» басылатыны белгілі. Бұл туралы менің он жылдан астам уақыт бойы қоян-қолтық бірге қызмет атқарған әріптесім марқұм Женья Грасевич өзінің мақаласында былай деп жазады: «Мамыр айында түсіп қалған ұранның орнын алмастыратын жаңасы болмады. Осылайша, маусым айы да өтті. Осыған қарағанда журналистер алдымен мықтап ойланған болуы керек. Ақыры шілде айында «Біздің кеңестік Отанымыз үшін» деген ұранды ойлап тапты...» Бұл да газеттің сөйлемге селқос қарамайтын тілшілерінің қаламдары қарымды екенін көрсетіп тұр еді.

Архивтің күн сәулесі түспейтін

сөрелерінде жатып сарғайған газеттің 1945 жылғы тігіндісін ақтарып отырып, мынаған көз жеткізесін.

Ұлы Отан соғысы аяқталды. Майдангер шекарашылар соғыстан біртіндеп өздерінің әскери бөлімдеріне қайтып жатыр. Олардың қатарында көп жылдардан кейін Шығыс Шекара округінің қолбасшысына айналатын М.Меркуловтың бар екеніне әбден сенімдіміз... Ең бастысы, халқымызға бейбіт өмір сыйлаған шекарашылар өздерінің ел

Сол жылдың 10 шілдесінде газет өзінің екі жылдық мерекесін атап өтеді. Бұл да жоғары басшылықтың назарынан тыс қалмайды: шекара әскерлерінің басшысы генерал-майор Бадейновтың арнайы бұйрығы шығады. Мұнда округ газетінің өзіне жүктелген міндетті толық орындағаны тайға таңба басқандай етіп жазылған...

шебіндегі қызметтеріне қайта кірісті. Мұны газеттің 4 наурызда жарық көрген санындағы мына шумақтан байқар едік:

«От чумы коричневой
Родина чиста,
Встали пограничники
На свои места», деген.

Дегенмен, бұл кезде Кеңес Одағы мен көрші аспанақты елімен екі арадағы шекара тыныш емес еді. Бұл туралы әсіресе 16 сәуір күні лейтенант И.Даниленко бастаған шекара наряды мен бандалар арасында болған қарулы қақтығыс та пісіттей

түседі. Тәжірибелі шекарашылардың сондағы ерлігі газет тілшілерінің тақырыбына арқау болады.

Сол жылдың 10 шілдесінде газет өзінің екі жылдық мерекесін атап өтеді. Бұл да жоғары басшылықтың назарынан тыс қалмайды: шекара әскерлерінің басшысы генерал-майор Бадейновтың арнайы бұйрығы шығады. Мұнда округ газетінің өзіне жүктелген міндетті толық орындағаны тайға таңба басқандай етіп жазылған... Өзі де солай болатын: маңсаз қызмет бөлмесінде отырып-ақ, қаншама тілші батыр шекарашылар туралы керемет материалдар жазды. Оқырманды бірден еліктіріп өкететін құнды дүниелердің арасында не жок дейсіз...

...Араға 78 жыл салып, дәл 28 сәуір күні Ұлы Отан соғысының ардагері Н.Таратунин 100 жасқа толды. Шекарашылардың тарихында ең көп жасаған ақсақалды кіші буын өкілдері құттықтап, қарттың қолын қысты. ҰҚК Төрағасының атынан бағалы сыйлық табыс етілді. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының көз алдында тамаша тілектер айтылды... Ал осыдан тура 78 жыл бұрын 28 сәуірде Николай Александрович небәрі 22 жастағы жас жігіт болатын. Соғыс жылдарында немістерден «тіл» әкелудің шебері атанған шекарашының шынында да басынан кешірген оқиғалары журналистер үшін «алтын көмбе» іспетті-ау... Бүгін ғасырды артқа қалдырған карт майдангердің қолын ұстап отырып, мен осыны ойладым.

Осыдан кейін шекарашылардың атқаратын қызметі мен тыныс-тіршіліктері ерекше емес деп кім айта алады?..

Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».